

**ӨРІСТІ ОЙЛАУ
МӘДЕНИЕТІНДЕГІ
БЕЙӘДЕПТІК ТӘСІЛДЕР
МЕН ҚИСЫНСЫЗДЫҚ
ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ЗИЯТКЕРЛІК**

Заманауи кезеңде еліміз жүргізіп отырған стратегиялық саясаттың бірі – интеллектуальдік ұлт қалыптастыру ұстанымына байланысты бүгінгі таңда жастардың ғылыми әлеуетін арттыру мен кең дүниетаным қалыптастыру қолға алынып отырған шақта, алдымен, оның теориялық-әдіснамалық бағдарларын құрып алу маңызды істердің бірі болып табылады. Осы бағытта басқа да ғылым салаларымен қатар философияның атқарар міндеттері мен мүмкіншіліктері зор екендігін ескерсек, онда «Интеллектуальді ұлт болып қалыптасу үшін қалай өрісті (продуктивті), шығармашылық ойлауға болады» деген заңды логикалық сауал туындайды. Ол ойлау мәдениетінің қалыптасуымен тікелей байланысты. Адамзат ақыл-ойы тарихын барлап қарасаңыз, кез келген ұғымға балама боларлық термин дереу табыла кететіндігіне көз жеткізесіз, кейде ұғым өзіне релевантты терминді бірнеше ғасырлап күтетін кезі де кездеседі. Ойлау мәдениеті ұғымы тап осындай жағдайды бастан кешті. Ұғымның өзі ежелгі философия кезінде-ақ табылған еді, ал оған сәйкес келетін термин Батыс Еуропада XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болған еді...

Ал қазіргі кездегі ойлау мәдениетіндегі басты мақсат – ғылыми ойлауға бетбұрған көпшілік қауымның және креативті, шығармашылық, өрісті ойлауға ұмтылып келе жатқан жастардың ойлау машығын жетілдіріп, бағыт-бағдарлар беру болып табылады. Көне дәуірлерде бері ғылым мен философияның дамуында қашанда логика ілімі маңызды рөл атқарғандығы белгілі. Аристотель заманынан бастау алған логикасыз білім алу мен ойлау мәдениетін дұрыс қалыптастырудың өзі мүмкін емес деген қағида бүгінгі күнге дейін адамзаттың руханияттық даму эволюциясында сақталып қана қалған жоқ, ол өзінің өзектілігін күн өткен сайын арттырып келеді.

Мақалада ұсынылып отырған идеялар формальді логиканы негізге ала отырып, өзіндік тың ұстанымдар мен бағдарларды ұсынады. Атап айтқанда, бұл еңбекте сыни, креативті, шығармашылық, эвристикалық ойлау мәнерлерінің көріністері тұтас тандырылып, оның жалпы әдіснамалық бағдарлары мен нақты тәжірибелік әдістемелік негіздері ұсынылады.

Авторлар әлемдік философиялық кеңістіктегі «Продуктивті ойлау» түсінігін басшылыққа алып, оны «Өрісті ойлау» деп қа-

зақшаға аударуды жөн санап, оның әртүрлі бағдарларын анықтап, арнайы «Өрісті логика» деп атауға болатындай саланы туындатып, оны әрі қарай өркендетіп дамытуға мүдделі.

Дәуірлердің ауысуына байланысты, аристотельдік немесе дәстүрлі логиканың орнына кейіннен жаңа дәуірлік логика – математикалық немесе рәміздік түрі қалыптасып өркендей бастады. Бүгінгі таңда, тек дұрыс ойлау құндылығы ғана емес, сонымен қатар, тың, жаңа, төлтума идеяларды тудырудың да құндылығы артып келеді.

Осы сауалға жауап іздей отырып, авторлар оның нақты тәжірибелік қырларын ұсына келе, өрісті ойлауға ұмтылушы әрбір адамға лайықталған және оған бағдар бере алатын ұстанымдарды көрсетіп берген еді [1]. Бірақ, мұнда схоластикалық, софистикалық, спекуляциялық тәсілдер мүлде қолданылмайды және оларды терістейді. Сондықтан өрісті логиканы мазмұнсыз, мағынасыз ойларды туындату емес екендігін түсіну аса маңызды. Өйткені, өрісті ойлаудың мақсаты ойды жай ғана күрделілік бойынша құру емес, қалыпты емес идеяларды да туындата білумен құнды.

Американдық психолог Ричард Полдың философиялық ойлау мәдениетін әлсіз және қуатты деп екіге бөле отырып, әлсіз түрі жоғары квалификациялы болғанымен, жалған интеллектуалдық арқылы эгоистік мотивацияны иеленеді деп түсіндіргендігіне, этикалық зардаптары туралы ойланбай, өзінің игілігінен босай алмайтындығын атап өткендігіне аналогиялық түрде [2, 51 б.] біз де өрісті ойлаушының да әлсіз және жағымсыз жақтарын аша білуіміз қажет.

Осыған байланысты, ғылым этикасының бір бағыты деп атауға болатындай, біз өрісті ойлау мәдениетіндегі ойлау мәдениетсіздігі немесе бейәдептік тәсілдерді топтастырып жинақтап көрсетпекпіз. Бұлар екінші бір қырынан алғанда, жаңа заман философы Ф. Бэконның театр, алаң елестеріне де [3, 145 б.] сәйкестенеді.

Ендеше, мұндай бейәдептік ойлау тәсілдерінің бірнеше нұсқаларын төмендегіше ұсынамыз.

1. Өрісті ойлаушы оның тәсілдерін қолдана отырып, сөз саптау күрделілігі мен ой күрделілігін шатастырмау керек. Сөздің берілу жолдары барынша қарапайым, ал ойы күрделі және терең болуы тиіс немесе терең, парасатты, күрделі ойды қарапайым тілмен жеткізуі керек.

1. Шектен тыс терминдендірмеу. Мысалы, Субстанция мен акциденцияны контрадикторсыздандырып, реадекваттандырып дилеммаландырып, детерминистік каузальдылық фонды субстраттанған базиске интенциялау актуальды.

Бұл ойды жүйесі мен тереңдігін сақтай отырып та, қарапайым тілмен жеткізуге болады. Терминдендіру иллюзиясын сыни ойлаушы философ бірден-ақ аңғарады. Терминдендіру бір қырынан эрудицияның белгілі бір өлшемі болғанмен, өрісті ойлаудың бірден-бір өлшемі емес. Бірақ, егер де өрісті ойлаушы тың, ғылымда бұрын-соңды кездеспеген терминдерді ойлап тауып, оны өз ыңғайымен, өзіндік логикасымен берсе, сол терминсіз ойын анық жеткізе алмайтындай және идеясының жаңашылдық деңгейі жоғары болса, концепт ретінде ойды дәл бейнелейтін болса, онда ол бейәдептік тәсілге жатпайды. Ендеше, терминнің маңыздылығы мен өзектілігі, біріншіден, оған берілген анықтаманың сапалық деңгейімен байланыстырылса, екіншіден, ойды анық бере алуымен айшықталады, үшіншіден, қолданыс аясының барынша әмбебаптығымен сипатталады.

2. Тым ұзақ салалас, сабақтас сөйлемдерден аулақ болу. Ұзақ құрылған сөйлемдерді бірнеше жекелеген қарапайым пайымдауларға бөліп қарастыру керек. Мысалы, қазіргі адамзаттың экологиялық дағдарыстар жағдайындағы, экономикалық күйзелістерге ұшырап отырған сәттеріндегі, рухани-моральдық құлдырауларға тап болған кезеңіндегі, теріс құндылықтардың оңды құндылықтар сияқты болып көрініп отырған алдамшылық дәуіріндегі, жалпыхалықтық психологиялық күйзелістердің жиілеп отырған климатындағы ахуалдың субъектіліктен гөрі, объективті себептері басымырақ деп пайымдасақ, сол объективтіліктің өзінің шарттылығы мен түптеп келгенде, субъективтілік болып табылатындығын ескерсек, адамзат осындай келеңсіздіктерді жоюға саналы, парасатты, тиянақты, жүйелі түрде бет бұруына тура келіп отырғандығының аса маңыздылығы артып отырғандығын ескерсек, нақты тәжірибелік әрекеттерді ғаламдық мәселе ретінде ұсынуға мүмкіндіктеріміз ашыла түседі..

Әрине, сөйлем стилистикалық, грамматикалық синтаксистік құрылымы жағынан дұрыс құрылған. Әйтсе де, оқырман үшін мұны екі немесе үш сөйлемге ажырату керек. Себебі, бір сөйлемге келіп, үш-төрт ой шоғырланып тұр. Оларды бірнеше топқа бөліп қарастыруға әбден болады.

3. Мағынасы ашық және анық бола тұра сөйлемдерді арнайы күрделендіру. Ойды қарапайым тілмен жеткізуге мүмкіндік бола тұра, арнайы күрделендіріп беру. Мысалы, анықтама: «Есік» дегеніміз – белгілі бір шартты шектелген кеңістіктен, келесі бір шартты шектелген кеңістікке субъектілер ауысу үшін белгіленген

баршаға ортақ қолданылатын сол аумақтың шекарасы. Мысалы ретінде, О. Конттың позитивті философиясындағы ирониясы осыны меңзейді.

II. Спекуляциялық (жағымсыз мағынасында) сөз ойнату.

1. Сөздерді құбылту арқылы ойды тиянақсыздандыру немесе ешқандай да мағынасы жоқ идеяларды сөздерді ойнату арқылы алдамшы түрде мағыналандыру. Мысалы, «Болмыс – өзінің бар екендігін әйгілейтін және бар болып тұру қасиетін иеленген, өмір сүрмеуге қарама-қарсы қалып – өмір сүрумен келіп шартталған, жоқ болмыс арқылы өзінің болуын паш ете алатын, өзінің болмысы арқылы қатысу (дүниеге) қызметінен айнымайтын, қандай да бір қасиеттерді, сапаларды, қызметтерді бойына жинақтаған әлем, дүние, заттар т.б. синонимдес болатын философиялық жалпылама категория» деген анықтама мазмұны синонимдер арқылы сөздерді ойнатуға мүмкіндік беріп тұр. Бұл жерде бұл анықтаманы былайша нақтыландыруға болады: Болмыс – қандай да бір сапаларды, қасиеттерді, қызметтерді иеленетін дүниенің жалпы атауы.

Спекуляциялық модельдеу тәсіліне сәйкес (Өрісті логика), спекуляциялар болған жағдайда, олардың ішкі мағынасын ашып, қарапайым тілмен жеткізілу шарт. Ал ашылмаған жағдайда оларды қолдануға болмайды. Немесе, ғалым идеяларын тек өзіне ғана түсінікті тілмен жеткізсе, ал ойларын жалпы оқырманға түсінікті қылып жеткізе алмайтын болса, онда ғалымның ойы өрісті логикаға сәйкес келмейтіндігі.

2. Софизмдерді қолдану. Софизмдер бір қарағанда әрине, терең ой сияқты болып көрінеді. Сондықтан да, софизмді диалектиканың баламасы ретінде тану дәстүріне аналогиялық түрде, біз де софизмдерді өрісті логиканың альтернативасы ретінде тағайындап, оның мағынасыз екендігін паш ете аламыз. Бұл тұста, өрісті логикке барынша күрделі талап қойылады. Себебі, оның өзі софизмдерді қолданбас үшін, олардың қалай софистика болып тұрғандығын ашу да басты міндеттерінің бірі болып саналады. Мысалы, Грек софистерінің: «Жоғалтпаған нәрсең сенде бар, Сен мүйізді жоғалтқан жоқсың, олай болса сенің мүйіздің бар» деген пікірлермен берілетін «Мүйізді софизмін» былайша тарқатып көрсетуімізге болады:

Мұндай ойдың алынуының әдіснамасы мен жалпы концептуалды негізі – «бар» мен «жоққа» қатысты. Басты екі параметр: «Болу» мен «болмаудың» жіктелуінен (дифференциациясынан) туындайды. «Адамда о бастан мүйіз болмаған» екендігі түсінікті, демек ең басты алғы концепту-

алдылық шарт – болмыссыздық пен болмыстық болса, алдымен «не бар, не жоқ» екендігін анықтап алу керек. Алғы таным үшін бұл интуитивті түрде бәрімізге де белгілі, дегенмен таным процесінде де «бар» мен «жоқ» қатысып отырады және бұл түпкі дихотомия, кез келген нәтиже мен алынған мәліметтерде де үнемі ескерілуі керек екендігі түсінікті. Яғни, «Мүйізді» деп аталған софистік ой қорытындысындағы адасудың негізгі бастамасы: танымға дейінгі объектіге айналдырылғалы отырған нәрсенің «бар, не жоқ» екендігінің шешілмеуі, проблеманың қойылуының дұрыс еместігі екендігі формальды логика заңдылықтары бойынша айқын болып отыр. «Мүйізді» софизмінің құрылымы – «Мүйізі бар адам» ситуациясы үшін ғана ақылға қонымды, демек, мұндағы негізгі шарт – «мүйізі бар адам» мен «адам (мүйізі жоқ екендігі түсінікті)» нұсқалары, мүйіздің болуы мен болмауы. Бұл – жеке-леген болмыстың болуы мен болмауының баламасы. Софистердің мұндай «жоқ» пен «барды» алмастыру жобасы – адам болмысының тұтастығы мен бірегейлігінің бұзылуы болып табылады. Яғни, негізгі қателік, бастапқы тезис: адамда мүйіздің бар немесе жоқ екендігі туралы мәселенің қойылмағандығында деп тұжырымдауымызға болады.

Сонымен қатар, Горгийдің скептицизмге негізделген софистикалық ой-пікірін талдап көрсетейік, оның негізгі үш тезисінің алғашқысы «әлемде ештеңе де өмір сүрмейді» деп басталғанмен, екіншісі «бір нәрселердің өмір сүруі мүмкін болса, оны тану мүмкін еместігімен» жалғасын табады. Мұнда болу мен болмаудың диалектикалық конструкциясын жасауға ұмтылыс байқалады. Яғни, «ештеңе де өмір сүрмейді – бір нәрсе өмір сүруі мүмкін» болып құрылған диалектикалық дилемманың мәні: егер «бір нәрселер өмір сүруі мүмкін» болса, онда «еш нәрсе де өмір сүрмеуі мүмкін», бірақ осы тұстағы «еш нәрсенің өмір сүрмеуі мүмкін» екендігі – «еш нәрсе өмір сүрмейді» деген нақты тұжырымға алып келмейді. Бұлар тек мәтінге қатысты, (контекстік) мазмұны жағынан ғана жақын. Сәйкесінше, «бір нәрселердің өмір сүруі де, сүрмеуі де мүмкін» деп ұсынылған бастапқы түпнұсқалық жоба – «болмыстың болуы да, болмауы да мүмкін» деген тұжырымды білдіреді.

Горгийдің жобасының нәтижесі үшінші тезиспен аяқталады: «танылған күнде де ол айтылмайды, айғақталмайды». Яғни, басты софистикалық ой оралымы: «Еш нәрсенің өмір сүрмейтіндігі» туралы тұжырым «бір нәрселердің өмір сүретіндігі» туралы идеяны тіке-

лей тудырмайтындығы, сондықтан мүлде екі жазықтықтағы параметр: «өмір сүрмейтіндік» және «өмір сүруі мүмкіндердің бар болуының» логикасы тек қана софизмденген пікірлерді аша түседі. Демек, Горгий өзінің софизмін ұсынуға негізгі сипат «өмір сүрмейтіндікті» басты құрал ретінде пайдаланады. Сонымен қатар, софистикаға әуестенген ол, кей сәттерде «өмір сүрмейтіндік» хақында бір нәрсе айтудың өзі мәнсіз екендігін ұсынып, бұл мәселені философиялық дискурстан шығарып, аяқтауға тырысады, «өмір сүрмейтіндіктің» болмайтындығын дәйектемеуге де болады. Осы динамикалық ой: «өмір сүрмейтіндік – бір нәрселердің өмір сүретіндігі – бірақ олардың танылмайтындығы – танылса да, көз жеткізілмейтіндігі» болып (төрт сатымен) тізбектеледі.

Ендеше, өрісті ойлаушы алдымен, қазіргі заманда да жиі кездесетін софистикаларды аңдай білуі қажет. Екіншіден, оның логикасындағы қателіктерді таба білуі тиіс. Үшіншіден, өзі мұндай софистикаларды саналы түрде бейәдептік тәсіл ретінде ұғынуы керек.

Мұндай бейәдептік тәсілдердің аталған екі түрін біз «Интеллектуалды алаяқтық» немесе «Интеллектуалды жаңсақ ойын» деген түсініктермен берсек, келесі кезекте, ғылым этикасы, оның ішінде философиялық ойлау этикасы, оның ішінде, «өрісті ойлаушы этикасы» деп атауға болатындай ұстанымдарды былайша жинақтап көрсетуімізге болады:

1) Өрісті логик өзінің қабілеті мен шығармашылық ойлау тәсілдері арқылы өзін-өзі ұлықтамау (мания величия) керек. Ол басқа ойлау тәсілдеріне, басқа да ғылым салаларына, бейлогикалық қателіктерге кемсітушіліктермен, менсінбеушіліктермен қарамауы тиіс. Ашық та, саликалы да, логикалық жүйеге негізделген оймен сынауға ғана құқықты десе де болады.

2) Ф. Бэкон елестеріне сәйкестендірсек [3, 145 б.], өрісті ойлаушы беделдердің пікірлерін ой елегінен өткізбей, оның ақиқаттылығына көз жеткізбей (верификацияламай), ұстанымға алмауы тиіс.

3) Өрісті логик идеялар мен тұжырымдамалардың қаншалықты шығармашылықпен, креативтілікпен, сыншылықпен туындағандығына баса маңыз беруі қажет. Тың, соны идеяларды бірден-ақ аңдай біліп, оның тереңдігі мен парасаттылығын, ой оралымдылығын бағалай білуі тиіс.

4) Өрісті логик заманауи орыс ойшылы Е.Н. Волковтың сыни ойлауды сипаттайтын антиманипулятивті сапаларды және санаға сіңіруге ұмтылған тұлғалардың проманипулятивті

(манипуляциялану үшін әлсіз тұстар) сапаларды бөліп көрсетуіне сәйкес [4, 126-128 бб.] антиманипулятивті сапаларды игеруі тиіс.

5) Осыдан өрісті логик сыни ойлауға бейім болу, яғни, оның қағидалары мен ұстанымдарын да толық меңгеруі тиіс екендігі туралы қорытынды шығарылады. Мысалы, Д.Халперн сыни ойлаушының мынадай негізгі сапаларын көрсетіп береді: жоспарлауға дайын болу, икемділік, өзінің қателіктерін түзеуге дайын болу, келісімді шешімдерді іздеу т.б. [5, 22 б.].

6) Өрісті логиктің келесі бір күрделі және маңызды ойлау жүйесінің бір қыры мен этикасы – интуицияға тікелей қатысты. Яғни, интуициядан берілген ақпараттарға сын көзбен қарап, оны шығармашылықтың бірден-бір көзі деп түсінуден аулақ болу керек. Осыдан А.А. Ивин атап өткендей, «Интуицияның бүркемеленген қателіктерін» аңдай білу [6, 14 б.] және өрісті логик өзінің озық интеллектуалды интуициясын дәйекті пайдалану арасындағы күрделі ерекшеліктерді аңғара білу қажеттілігі туындайды т.б.

Өрісті логиканың мұндай ережелері диалектикалық логикадағы нақтылыққа, жүйелілікке сәйкес келеді. Сондықтан да, өрісті ойлау стереотипті немесе схоластикалық ойлау жүйелерін қисынсыз бағдар ретінде бағалайды. Ең бастысы – қайталанбаған жаңа ой тудыру және оның барынша парасатты, байыпты, терең, этикалы болып шығуымен келіп астасады.

Бүгінгі таңдағы әлемдік өркениет көшіне ілесу тек қана экономикалық өрлеу талаптарымен шектелмек емес, ол өз кезегінде қоғамның рухани-мәдени саласын қайта жаңғыртуды талап етеді. Тұтастай алғанда, қоғамдық өмірдің барлық саласын қайта жаңарту мен инновацияға ұмтылудың нақты нәтижелерге қол жеткізуі түптеп келгенде, еліміздің адам ресурсына, әсіресе, зиялылығы мен зияткерлігінің сапалық деңгейіне байланысты болып шығады. Сондықтан, көп салалы руханилық пен мәдениеттілік тармақтарының бірі – еліміздегі интеллектуальді капиталды нығайтуға келіп тіреліп отыр. Бұндай болашаққа салынатын капитал, сайып келгенде, жастардың зияткерлік әлеуетін одан әрі арттырумен келіп сабақтасады. Ендеше, қоғам дамуындағы «адам капиталы», «адам ресурсы» деген сияқты түсініктердің жаңарған формасы сапаға негізделген келбеті – «интеллектуальді ресурс» дегеніміз ойлау мәдениеті жетілген, өрісті логиканың негізгі ұстанымдарын терең меңгерген тұлға.

Осы тұста зияткерлік пен білімділіктің ара жігін, бір-бірінен қалай туындайтындығын ашып алуымыз қажет. Білім академиялық бол-

сын, шығыстық немесе ұлттық болсын, қандай-да бір белгіленген ғылым салаларын кәсіби стандарттар бойынша толықтай меңгеруге келіп саяды. Ал интеллектуальдік феномені жалпы психологияда – ақылдың ұшқырлығы, сыншылдығы, тапқырлығы деген сияқты үдерістер арқылы жетілетін адам санасының жоғары дамыған көрінісінің нәтижесі ретінде белгіленген. Бұл өрісті логиканың мазмұны мен басты ұстанымдарын игерумен келіп сабақтасады және ойлау мәдениетінің жетілуіне алып келеді.

Мұны мән бере меңгермеген кейбір «псевдо-зиялылар» жоғарыда айтылған шектен тыс терминдендіру, тым ұзақ салалас, сабақтас сөйлемдерді қолдану, мағынасы ашық және анық бола тұра сөйлемдерді арнайы күрделендіріп, сөздерді құбылту арқылы ойды тиянақсыздандыру немесе ешқандай да мағынасы жоқ идеяларды сөздерді ойнату арқылы ойды алдамшы түрде мағыналандырып, софизмдер сияқты тәсілдерді қолданып, қарапайым халықты зияткерлік жолдан тайдыруы әбден мүмкін.

Еліміз ұстанған интеллектуальді ұлт қалыптастыру идеясы жалпы зияткерлік түсінігіне сәйкес келгенімен, ол тек батыстық білімділік талаптарымен өлшенетін таза ақылға ғана негізделмеуі тиіс. Ендеше, бізге қажетті «интеллектуальдік» – білімді негізге ала отырып, шығармашылық ойлауды талап ететін, ақылдың тапқырлығын басшылыққа алатын да, ілгерішіл және жігерлі, ұлт мүддесімен орайласатын он нәтижелі құбылыс болуы тиіс.

Қазіргі психологияда осы үдеріске тікелей байланысты немесе оған жанама сәйкес болып келетін мынадай құбылыстар жиі көрініс табады. Олар: өрісті ойлау (продуктивті ойлау), креативті ойлау (жасампаз ой), шығармашылық ойлау (творчестволық қабілет), сыни ойлау (сыни ой), интуитивті ойлау т.б.

Өрісті ойлау – бұрын болмаған идеяны, жаңа пікірді тудырушы, ешкім айтпаған жаңа ой айту дегенді білдірсе, креативті ой да осындай мағынаға келіп жуықтайды. Бұған әл-Фарабидің «білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені аша білу қабілетіне ие болу деген сөз» деген даналық сөзі адекватты.

Бұл жердегі креативтілік – ойды жарату, тудыру, өндіру деген түсінікке келіп саяды. Демек, бұлар ой өндірісі дегенді білдіреді. Ал шығармашылық ойлау да осындай мағынаға жақын, бірақ бұлардан айырмашылығы ол көбінесе өнер иелеріне байланысты. Өнер мен ғылым қашанда жаңашылдықты қажет етеді, егер өнер туындысы біреуді қайталайтын болса немесе оның үлгі-

сін көшіріп алатын болса, онда ол шынайы өнер емес. Ал неғұрлым тың, мүлде төлтума, ешқашан қайталанбас туындылар пайда болса, онда ол талант деп есептеледі. Талантсыз адам өнер иесі де, ғалым да бола алмайды. Талантқа берілетін тағы бір жауапкершілік – жаңа ойды бір рет тудыру емес, талмастан жаңа идеяны үнемі-үздіксіздендіру.

Сыни ойлау – өзінің де, өзгенің де идеясына сын көзбен қарай білу. Идеяның кемшілігі мен жетістік жақтарын қатар көре білген адам ғана сыни ойлауға бейім болып келеді, егер оның тек біреуін ғана көріп, екеуін қатар таба алмаса, онда ол сыни ойлаушы емес.

Интуитивті ойлау – талдау мен сараптаудан, логикалық операциялардан тыс, ақиқатқа тез, бірден жету, ақпараттардың ішкі сезім түйсігі арқылы сол сәтте адамның өзіне де түсініксіздеу жағдайда қабылдануы. Халқымыз көзі көрмеген, дәлелденбеген нәрсесін «ішім сезім тұр» деп айтады. Немесе, қазақта «ат сыншысы», «бала сыншысы» деген білікті мамандар болған. Олар атты немесе адамды сыртынан қарап-ақ тұтас болмысын бағалап беретін болған. Бұл да интуицияның жемісі. Әлем халықтарына ортақ көріпкелдік те осы интуицияға байланысты болып келеді.

Бұл қабілеттер мен ойлаудың осы түрлері тұтаса келе, біз ұстанып отырған өрісті логиканың негізі ұстанымдарының қалыптасуына келіп саяды. Бұл көрсетілгендер ойлаудың түрлері ғана, ал оған жетудің жолы – сараптама жасау, ішкі мәнді көре білу, байланыстарды ашу сияқты психологиялық операциялар арқылы жүзеге асады. Бұл ойлау мәдениетін жетілдірудің негізінде көрініс тауып, ғылымды дамытуда маңызды роль атқарады.

Бұлардың барлығын жинақтап, «ғылыми ойлау» деп те атауға болады. Ендеше, осы ғылыми ойлау үшін ғылыммен арнайы шұғылдану қажет. Ғылыммен шынайы шұғылданып жетістікке жету және ашылған жаңалықтардың әлемдік деңгейде болуы – зияткерліктің нақты жемісі. Демек, жаңалық ашу интеллектуальділіксіз мүмкін емес жайт.

Бүгінгі таңда жаратылыстанулық ғылымның дамуы немесе өнертапқыштық қана емес, сонымен қатар, қоғамдық ғылымдарды да өркендету басты назардан тыс қалмауы тиіс. Әсіресе, философия, логика, тарих, психология, саясаттану, әлеуметтану, педагогика сияқты ғылым салаларына баса көңіл бөлу қоғамымызды ілгері жылжытудың басты кепілі болмақ. Қоғамдағы рухани ахуал, ойлау мәдениеті жетілген тұлға дайындау т.б. барлығы осы гуманитарлық ғы-

лымдардың өркендеуіне тікелей байланысты. Сондықтан, интеллектуальді ұлттың болашағы жас ұрпақ болғандықтан, ойлау мәдениетін жетілдіру, өрісті ойлау, сыни, шығармашылық

ойлауды олардың бойына сіңіру маңызды қадамдардың бірі болмақ. Бұл нақандық акт емес, үнемі-үздіксіз және шексіз жүргізіліп отырылуы тиіс шара болуы керек.

Әдебиеттер

- 1 Аташ Б.М., Асқар Л.Ә. Өрісті логика. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 86 б.
- 2 Paul R. Critical Thinking: What every Person Needs to Survive in a Rapidly Changing World. Center for Critical Thinking and Moral Critique Sonoma State University, 1990. – 575 p. (51 б.)
- 3 Бэкон Ф. Сочинения в двух томах. Т. 2. – М.: «Мысль» (Философское наследие), 1978. – 575 с. – С. 7-214.
- 4 Волков Е. Н. Анализ жизненного решения: проверка на манипулирование и контроль сознания // Журнал практического психолога. – 2000. – № 1-2. – С. 126-128.
- 5 Халперн Д. Психология критического мышления. – СПб.: Питер, 2000. – 512 с. (22 б.)
- 6 Ивин А.А. Дұрыс ойлау – өнер. – Алматы: Рауан, 1991. – 240 б.

References

- 1 Atash B.M. Askar L.A. Oristi logika. – A.: Kazak universiteti, 2015. – 86 б.
- 2 Paul R. Critical Thinking: What every Person Needs to Survive in a Rapidly Changing World. Center for Critical Thinking and Moral Critique Sonoma State University, 1990. – 575 p. (51 б.)
- 3 Bekon F. Cozhinenie b dbyh tomah. T. 2. – M.: «Misl», 1978. – 575 с. – С. 7-214.
- 4 Volkov E.H. Analis zhisnennogo rezhenia: proverka na manipulirovanie i control cosnanie //Zhurnal praktizyeskogo psihologa. – 2000. – № 1-2. – С. 126-128.
- 5 Halpern D. Psihologa kritizheskogo mizhlenia. – CPb.: Piter, 2000. – 512 с. (22 б.)
- 6 Ibin A.A. Duris Дұрыс oilay – oner. – A.: Rauan, 1991. – 240 б.